

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама**

Қостанай қаласы

27.05.2025 жыл

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 қаулысына сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі (бұдан әрі - Талдау) Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ (бұдан әрі - №1 кешкі мектеп) қызметі болып табылады.

Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ басшысының 08.05.2025 жылғы №16 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі - 2025 жылғы 10 мамырдан бастап 2025 жылғы 27 мамырға дейін.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ-де (бұдан әрі - №1 кешкі мектеп) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және оны жою болып табылады.

Талдаудың міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың №1 кешкі мектеп қызметіндегі салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып табылады:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсынымдар;
- 10) сот органдарының талдау объектісі қызметкерлерінің әрекеттеріне, қылмыстық істер фабуласына қатысты шешімдері;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдаудың нәтижелері;
- 12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдаудың нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметкерлеріне, жұмыскерлеріне сауал қою нәтижелері;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

II. Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдер

Мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазіргі уақытта №1 кешкі мектепте барлығы

4 мемлекеттік қызмет:

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау»;

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттар қабылдау»;

- «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»;

- «Педагогтарды аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау».

2024 жылдың 1 шілдесінен 2025 жылдың 27 мамырына дейін №1 кешкі мектепте 22 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде: **egov.kz** электронды Үкімет порталы арқылы - 5, «Сакура» электронды порталы арқылы - 15, «Ұстаз» электронды платформасы арқылы - 2.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жыл сайын мектеп директоры жанындағы кеңестерде қаралады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлер «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ өткізетін оқыту семинарларына үнемі қатысады.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты түсіндіру мақсатында №1 кешкі мектеп тоқсан сайын азаматтарды мемлекеттік қызметтер көрсету туралы хабардар етеді, интернет-ресурстарда ақпарат жаңартылады, мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары орналастырылады.

2.2. Кадр саясаты

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ-де басқару функциялары мынадай қызмет бағыттары бойынша іске асырылады: оқу жұмысы, тәрбие жұмысы. Қызметкерлердің штат саны 30 адамды құрайды, оның ішінде 18 педагог қызметкер және 12 техникалық персонал. Ағымдағы жылғы 28 мамырдағы жағдай бойынша педагог қызметкерлердің нақты саны - 18 адам.

№1 кешкі мектептің педагогикалық қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай келе, қызметкерлердің орташа жасы 53 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер - 5. Ұлттық құрам бойынша 78% - қазақтар, 22% - орыстар мен украиндықтар.

Талданып отырған кезеңде қызметкерлер жұмыстан шығарылмады.

Тәртіптік практика

2024 жылғы 1 шілдеден бастап 2025 жылғы 27 мамырға дейін қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылған жоқ.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасының ережелері) бұзылған жоқ.

Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданды.

Еңбек тәртібін бұзған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге жағымсыз ақпарат орналастырылмаған.

Мүдделер қақтығысы

№1 кешкі мектепте мүдделер қақтығысы жоқ.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

2024 жылдың 01 шілдесінен 27 мамырға дейін Қостанай қаласының №1 кешкі мектебіне жеке және заңды тұлғалардан 7 өтініш түсті.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

№1 кешкі мектеп Мекеменің Instagram интернет-ресурстарында, мектептің сайтында ақпарат орналастырады.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

Рұқсат беру функцияларын іске асыру

№1 кешкі мектеп рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

Бақылау функцияларын іске асыру

№1 кешкі мектеп бақылау функцияларын іске асырмайды.

2.8. Сот практикасын талдау

Талдау объектісінің іс жүргізу практикасы (*азаматтық-құқықтық сипаттағы*) көрсетілмейді.

Шешім.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындылары бойынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындылары бойынша мынадай ұсынымдар шығарылды:

1. №1 кешкі мектептің педагог қызметкерлері ҚР «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарын және Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтасын.

2. Директорының ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары С.С. Аманова №1 Кешкі мектептің ресми интернет-ресурсында жариялаумен немесе баспа басылымдарында жариялаумен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізісін, азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдеріне бақылау жүргізісін.

3. Директорының ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары С.С. Аманова, мектеп хатшы А.Б. Гапбасова мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтасын, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, халық арасында тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізісін.

Мектеп директоры

Жұмыс тобының жетекшісі:



Б.К. Бекенов

С.Д. Исергенова